

А.Ж. Жанадилова

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ДАМУДА ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік сектор экономиканы тұрақтандыру мен сауықтыру бағыттарының бірі ретінде белгілеуге мүмкіндік беретін негізгі факторлары мыналар:

1. Агроөнеркәсіптік кешен жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 30%-ын шоғырландырады. Сондықтан ол халықты жұмыспен қамту деңгейін қолдауға бағытталған шаралардың орталық буыны болып табылады.


2. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс жағымсыз экономикалық үрдістің әсеріне ұшырау деңгейі барынша аз.

3. Агроөнеркәсіптік кешен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндетті шешеді.

4. Қазақстан экспорт нарығында өнімнің бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті түрде салыстырмалы артықшылықтарға ие болып отыр.

2009 жылғы жедел деректер бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің (қызметінің) нақты көлем индексі (НКИ) 113,8 % құрады. Өсім 2008 жылмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісінің 23,1 %-ға, ал мал шаруашылығының 2,3 %-ға ұлғаюына негізделген.

2008 жылмен салыстырғанда қалыптасқан нақты көлем индексіне ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) үштен бір бөлігін құрайтын жалпы жиналған астықтың көбеюі едәуір дәрежеде ықпал тигізген.



Сурет 1. Серпіндегі ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ*
Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі[2]

2009 жылғы ауа-райының қолайлы жағдайлары майлы дақылдардың (2008 жылмен салыстырғанда 70,0%-ға ұлғайған), картоп (тиісінше 17,0%-ға), көкөністер мен бақшалық дақылдардың (5,1%-ға), түсімін жинау көлемдеріне де оң әсерін тигізді, бұл сондай-ақ сала өнімінің нақты көлем индексінің қалыптасуына оң ықпал тигізген.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімі (қызметі) көлемінің ұлғаюы республиканың көпшілік өңірлерінде, ең көбі – Павлодар, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында белгіленді.

1 кесте - Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ (2008 жылға пайызбен)*

	Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ		
	Барлығы	өсімдік шаруашылығы	Мал шаруашылығы
Қазақстан Республикасы	113,8	123,1	102,3
Ақмола	145,0	164,2	103,1
Ақтөбе	100,1	92,2	104,9
Алматы	113,9	125,5	103,9
Атырау	101,2	98,3	101,8
Батыс Қазақстан	71,0	37,1	102,0
Жамбыл	117,4	133,3	101,4
Қарағанды	109,9	130,7	99,5
Қостанай	101,2	101,0	101,5

Қызылорда	115,3	123,4	101,5
Маңғыстау	100,2	92,5	101,4
Оңтүстік Қазақстан	100,2	99,2	101,5
Павлодар	148,1	2,3 есе	102,1
Солтүстік Қазақстан	114,2	117,0	104,3
Шығыс Қазақстан	133,1	2,2 есе	101,6
Астана қаласы	98,4	97,2	105,6
Алматы қаласы	88,5	99,1	79,3

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі[2]

Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жоғары нақты көлем индексі Павлодар облысында 2008 жылмен салыстырғанда өңірдің жалпы өнім көлеміндегі үлесі 25,8% құрайтын дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 4,5 есе ұлғаюы есебінен қалыптасқан. Сондай-ақ, НКИ-не етті 1,2%-ға (облыстың жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы - 24,1%), сиыр сүтін - 1,6%-ға (тиісінше, 18,6%), картопты - 26,7%-ға (11,3%), майлы дақылдарды 20,9 есе (4,5%), тауық жұмыртқасын өндіру -15,6%-ға (2,1%) ұлғаюы ықпалын тигізді.

Ақмола облысында өткен жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар 98,6%-ға (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы - 58,2%), картоп - 69,2%-ға (тиісінше, 3,3%) көп жиналды, тауық жұмыртқасын өндіру 52,2%-ға (1,3%) өсті.


2008 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдарды жалпы жинау 4,5 есе ұлғаюы Шығыс Қазақстан облысы бойынша НКИ негізгі ықпалын тигізді, өйткені осы өнім түрінің өңірдің өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 14,9%-ды құрады. Майлы дақылдарды жалпы жинау 5,1 есе (ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлесі - 5,6%), картоп - 40,0%-ға (тиісінше, 8,4%), көкөністер - 28,4%-ға (5,5%) ұлғайды. Ет 1,1% (үлес салмағы - 34,3%), сиыр сүті - 2,7%-ға (20%) көп өндірілді.

Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің ұлғаюы дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 3,6 есе (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы - 16,3%), ет - 1,2%-ға (тиісінше, 26,5%) және тауық жұмыртқасын өндірудің - 10,4%-ға (1,4%) өсуіне негізделген.

Қызылорда облысында НКИ-не көкөніс - 29,9%, күріш - 23,3% және картоп - 22,4% түсімін жинаудың ұлғаюы едәуір ықпалын тигізді, ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің облыстық көлеміндегі үлестері, тиісінше, 24,3%, 19,0%, және 11,9%-ды құрады.

Солтүстік Қазақстан облысында НКИ-не негізгі құраушысы өңірдің жалпы өнім құрылымындағы үлес салмағы 57,6% құраған - астықты жалпы жинаудың 2,1 есе ұлғаюы оң ықпалын тигізді. Картопты - 11,7%-ға (жалпы өнім құрылымындағы үлесі - 8,4%), етті - 2%-ға (тиісінше, 10,3%), тауық жұмыртқасын өндіру - 17,3%-ға (1,4%) өсті.

Мал шаруашылығы өнімінен НКИ қалыптасқан деңгейіне ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) төрттен бір бөлігін құрайтын ет өндіру көлемінің өсімі едәуір дәрежеде ықпал тигізді. Сондай-ақ 2008 жылдың деңгейімен салыстырғанда оң факторлардың ішінде сиыр сүтін және тауық жұмыртқасын өндірудің ұлғаюын атап өтуге болады.



Сурет 2. Мал шаруашылығының негізгі өнім түрлерін өндіру *
Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі[2]

Алайда, мұнда бірқатар ұстап тұратын факторлар бар:

- барлық ауыл шаруашылығы мал санының 80 пайызға жуығы жеке үйлерде болуы; асыл тұқымды мал басының үлес салмағы төмен болып қалуда және 5-8% ғана құрауы;
- жануарларды асырау және қоректендірудің қара дүрсін технологиялары, енімді өндіру және қайта өңдеу технологияларының ескіргендігі, мал шаруашылығы процестерін механикаландыру және автоматтандыру деңгейінің төмендігі;
- орта және ірі тауарлы өндірістің мамандандырылған шаруашылықтары дамуының жеткіліксіздігі; жемшөп базасының әлсіздігі, толық мелшердегі құрама жемнің жетіспеушілігі және оның салдары ретінде мал мен құстардың өнімділігінің төмендігі;
- ауыл шаруашылығы малдарын ұстаудың зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкессіздігі;
- малдарды сәйкестендіру, мал қорымы және сою пунктерін салу бойынша жергілікті атқару органдары жұмысының әлсіздігі.

Ветеринария саласында республикадағы эпизоотикалық саулық және мал шаруашылығы азық-түліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нысаналы жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар, елдің толық ветеринариялық саулығын қамтамасыз етуді мынадай күрделі мәселелер ұстап тұр: малдар мен құстардың аса қауіпті ауруларына қарсы эпизоотикаға қарсы шаралардың толық көлемде жүргізілмеуі, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарда ветеринариялық бақылау жүргізетін бөлімшелер санының жетіспеушілігі; зоогигиеналық және ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамай ауыл шаруашылығы малдарын ұстау; ветеринариялық зертханалардың материалдық-техникалық жарактандырылу деңгейінің төмендігі; жергілікті атқарушы органдарының мал қорымы және сою пунктерін салуда ұйымдастыру жұмысының әлсіздігі, жануарларды сәйкестендіру жүйесінің реттелмеуі, ветеринар мамандар - лицензия алушылардың біліктілігі деңгейінің төмендігі.

Бидай өндірісі халықтың жан басына шаққанда 1058 килограмға жетті, бұл Қазақстанға осы көрсеткіш бойынша Австралияны артқа тастап әлемде 1 орынға шығуына мүмкіндік берді. Әлемде Қазақстан бидай экспорты бойынша 7-орынды алады.

Астық өндірісінің артуы республикадағы астық танабының үштен бірін (5,2 млн.га) құраған алқапқа ылғал қорын сақтау технологияларын кеңінен пайдалану, егілетін сұрыпталған тұқымдардың үлесін, 1-2 сыныпты тұқым үлесін - 78,9 %-ға дейін, ал жоғарғы деңгейде қалыптастырылған тұқымдар үлесін - 84 %-ға дейін арттыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау көлемінің өсуі арқасында қол жеткізілді.

Міне, осының бәрі агроөнеркәсіптік кешен туралы заңнаманың дұрыс қолданылуынан туындап отыр. Алайда әлі алда шешілмеген көптеген мәселелер бар.

Сонымен қатар, ауыспалы егістерді игеруге байланысты Шығыс Қазақстан, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында негізінен көрсетілген дақылдарды егуді азайтудан күнбағыс және зәйтүн егістік алаңдары қысқартылды. Қант зауыттары белгілеген сатылу бағасының төмендігінен, сондай-ақ өсірілген өнімнің жоғары өзіндік құнының жоғарылығынан қант қызылшасының егістік алқаптары қысқартылды, бұл ауыл шаруашылығы құрылымдарын көрсетілген дақылды өсірумен айналысуға ынталандырмайды.

Бұдан басқа, өсімдік шаруашылығында бірқатар шешімін таппаған күрделі мәселелер бар:

- ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің экстенсивті технологиялары; қазақстандық селекцияның жоғары сапалы сорттары мен гибридтерінің жоғалуына әкелетін, отандық селекция мен тұқым шаруашылығының жеткіліксіз дамуы;
- қайта өңдеу кәсіпорындарының әлеуеттілігін толық қамту үшін майлы тұқымдардың импорты; сорт сынаудың өндірістік процестерінің техникалық жарактануының төмендігі;
- суармалы жерлерді пайдалану тиімділігінің төмендігі;
- химияландыру деңгейінің төмендігі;
- ауыл шаруашылығы дақылдары түсімділігінің төмендеуіне себепші болатын ғылыми негізделген агротехнологиялардың сақталмауы, агротехнологиялық жұмыстардың оңтайлы мерзімдері ұсталмауы; көкөніс, жеміс және картопқа арналған техникалық жаракталған қоймалардың жоқтығы, оларды дайындау мен қайта өңдеудің ретке келтірілмеуі;
- жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерінің қартайғандығы және алқаптарының қысқаруы.

Көрсетілген мәселелерді шешу үшін мемлекеттік қолдаудың нысандары мен бағыттарын жетілдіру арқылы өсімдік шаруашылығын әртараптандыруды әрі қарай ынталандыру қажет.

Агроөнеркәсіптік кешен дамуы арқасында біз бір мезгілде еліміз үшін аса маңызды екі міндетті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және экспортты әртараптандыруды шешеміз[3].

Сондықтан да біз тауарлы-сүт фермаларын, құс фабрикаларын, мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру мен дамыту, тамшылап суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін ұйымдастыру, ауылшаруашылық техникаларын жинау жөніндегі өндірістерді құру, ет өңдеу өндірісін дамыту, биязы жүнді қайта өңдеу, қазақстандық астық экспортының инфрақұрылымы және оны терең қайта өңдеу секілді экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жалғастыру керек.

Көрсетілген себептерге қарай агроөнеркәсіп секторындағы өндірісті қолдау мен көлемін кеңейту экономикалық белсенділіктің және халықтың жұмыспен қамтылуының артуына, ал орта мерзімді перспективада – экспортты әртараптандыру мен экономикалық дамудың орнықтылығын қамтамасыз етуге елеулі түрде оң ықпалын тигізеді.

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1215 Қаулысы //Егемен Қазақстан, 2009 жыл, 30 қаңтар, N 34-37 (25434)

2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі // www.stat.kz

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы «дағдарыстан жаңару мен дамуға»// Егемен Қазақстан, 2009 жыл, 6 наурыз

This article is attempt of the author to consider the basic agrarian problems in Republic of Kazakhstan and to plan ways of their decision.

В данной статье автором рассмотрено основные аграрные проблемы в Республике Казахстан и намечено пути их решения.

Ш.М. Акимбеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АРНАЙЫ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздің жаһандану кезеңін бастан кешіруі әр түрлі құқықтық реформалардың қабылдануына және дамуына әкеліп соқтыруда. Соның бірі 9 қаңтар 2007 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының экологиялық кодексын атауға болады. Мемлекетімізде адамзаттың табиғатты мақсатқа сай пайдалануының құқықтық мәселелері осы кодекспен және өзге де заңдармен реттеледі.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің 10-бабы табиғатты пайдалану ұғымын ашқан. Онда табиғатты пайдалануға мынадай түсінік берілген: «Адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады» делінген [1].

Аталмыш заңға сәйкес табиғат пайдалану екі түрге бөлінеді. Олар: жалпы табиғат пайдалану және арнайы табиғат пайдалану.

Табиғат пайдалану түрлерін бөлу - ол өзіне тән өзіндік құқықтық сипаттарға ие болып табылатын, соның нәтижесінде табиғатты пайдалану құқығын біртектес етіп топтастыру белгісі бойынша бөлуге болатын табиғат пайдалану құқығының бөліктері ретінде қарастырылады [2, 95 б.].

Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол берілмейді.

Арнайы табиғат пайдалану - экологиялық және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі болып табылады [1].

Біздің зерттеуіміз арнайы табиғат пайдалану құқығының кейбір мәселелеріне арналып отыр.

Арнайы табиғат пайдалану құқығын екі түрлі мағынада қарастыруға болады. Бірі объективтік мағынада, екіншісі субъективтік мағынада қарастырылады.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының объективтік мағынада қарастыратын болсақ, ол – азаматтар мен заңды тұлғалардың өзінің экономикалық, мәдени – сауықтыру, рекреациялық және олардың өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды арнайы мақсатқа сай пайдалануға беру тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығы деп түсініледі.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының субъективтік мағынасын ашатын болсақ, ол – азаматқа экономикалық, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және өзге де қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін